

П. К. ЮСУП

## С. ЕЛУБАЙДЫҢ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Жазушы Смағұл Елубайдың «Ақбоз үй» романы туралы ол жарық көргеннен бастап әртүрлі пікірлер айттылды, сын жазылды. Өткен күннің шындығын көркем сөзбен айғақтайтын тарихи тақырыпқа жазылған шығарма болғандықтан он-теріс, әр мінезді пікірлердің болуы заңды да еді. Тарихи шығарма – көп ізденіс, терең талдаулар жасалғаннан кейін барып туатын дүние. Жекелеген тұлғалар бейнесін сомдай отырып, заман келбетін, саяси-әлеуметтік ахуалды, халық дүниетанымын жан-жақты ашып көрсету онай шаруда емес. Ол автордан білімділікті, сұнғыла сарапшылықты, өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы әдеби сұраныс пен оқырманның талап-тілегін нәзік түсіне білуді талап етеді.

XX ғасырдың отызыншы жылдарында еліміздегі саяси қуғын-сүргін мен жоспарлы түрде қолдан үйимдастырылған ашаршылықты, оның тұтас бір халыққа тигізген зардабын, қалың бұқараның аштық пен үкімет әскерінің қолынан жаппай қырылуын нанымды суреттеген «Ақбоз үй» романы бұл тақырыпты ашықтан-ашық баяндаған алғашқы көркем туындылардың бірі болды. С. Елубайдың суреткерлік қуатының көпкүрлілігіна тоқтала келіп, белгілі әдебиеттанушы ғалым К. Әбдезұлы «...қаламгердің шығармашылық екі қасиеті: енбеккорлығы мен батылдығы, шын мәнінде, уш кітаптан тұратын «Ақбоз үй» роман-трилогиясының («Ақбоз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние») тұтас көркемдік болмыс-бітімін танытатын, ашып көрсететін, анықтаушы десек болады. Жазушы ең алдымен, шығарманың тақырыптық арқауын, яғни оның бел омыртқасын тұтастырып ұстап тұрған басты мәселе – сол кеңендегі заман шындығын өз шығармасына алып келді. Яғни, ұлт тағдырындағы ең бір аласапыран, алмағайып заман тұсындағы өмір шындығына табан тіреді» [1, 153] деген сүбелі пікір білдіреді. Бұл «әрбір туынды – әдебиеттің толғакты мәселе-лесіне қаламгердің берген жауабы» [2, 217] екендігін тағы бір мәрте растайды.

XX ғ. казак халқы білім, мәдениет саласында өзге елдермен (Еуропа, Азия халықтарымен) иықтасып, Қенестер одағындағы басқа ұлттарға

қарағанда елшілдік, ұлтшылдық рухы биік болды. М. Шоқай, Т. Рыскұлов, М. Тынышпаев, С. Сөдуақасұлы, А. Байтұрсынұлы т.б. сияқты арда туған ел азаматтары казақ халқының мұддесін «Орталық» алдында қайсаңрықпен, сауаттылықпен корғай білді. Орта Азия халықтарының Ресей отаршылдығына қарсы күресін зерттеп жүрген ғалымдар сол кезеңдегі казақ қоғамының ел болу, мемлекет құру ниетінің басқаларға қарағанда анағұрлым белсенді, жоспарлы болғандығын айтады. Сол себепті де Мәскеудегі қенестік билік қазактың жерін жаулау, кез келген мүмкіндікті пайдалану арқылы халық санын кемітіп, өз жерінде азшылыққа айналдыру саясатын ұстанды. Бұл қанқұйлы науқан өткен ғасырдың аяғына шейін үздіксіз жүргізілгені де анық. Өткен ғасырдың 90-ж. бұрындары көркем өдебиет тақырыбы етпек тұрмақ, айтуға да тыйым салынған тарихи оқиғалар шындығын суреттеген бірнеше көлемді шығармалар дүниеге келді. Жекелеген тұлғалардың бейнесін сомдай отырып, халық басынан өткерген қайғы мен касірет, мұн мен нала, ұлттық трагедия нанымды суреттелген Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе», Б. Қыдырбекұлының «Алатай», З. Жәкеновтің «Зұлмат» т.б. туындылары халық сұранысын белгілі бір мөлшерде қанағаттандыра алды. Ал С. Елубайдың «Ақбоз үй» романы жарыққа шыққаннан-ақ бұқараның ізден оқытын дүниесіне айналды. Романың жатық тілі, кейіпкерлердің әртүрлі, алуан мінезі, оқиғалардың тізбектеле өрбіп, жетелеп отыруы оқырманның жалықпауының негізгі шарты болды. Шығарманы бастап оқығаннан соңғы бетіне шейін оқырманды қияңқы қоғамның аласапыран тірлігіне кейіпкерлермен бірге араластырып, солар кешкен күйге бүкіл жан дүниесімен еліте түскен суреткердің шеберлігі тәнті етеді.

Романың барлық оқиғасы негізінен Шеге мен оның айналасындағы адамдар, онымен түрлі өмірлік ситуацияларда жолығысып дәмдес-тұздас, істес болған жандар төнірегінде өрбиді. Ел сыртына ұзап шықпаған Шегенің бозбала шағынан бастап ел ісіне араласуы, бұрындары киялында армандауға да қорқынышты болып келген Хансұ-

лудай аруға үйленуі, тап тартысына түсіп, адалдығы мен шыншылдығынан ылғи жеңіліс табуы, атпал азаматтың жаңып тұрған жас өмірінің тас тұрмеде өтуі сияқты оқиғалар бір адамның тағдыры болғанымен, сол кезеңде еліміздің барлық өлкесінде орын алған тарихи шындық оқиға еді. Шағын ауылдың коныржай тірлігін суреттеумен басталған роман бозбалалар ойынынан шыққан шатак оқиғасымен өрбі отырып, ел тыныштығының көп ұзамай-ак бұлінетінінен хабар беретіндей әсер қалдырады. Малын бағып, базарын саудалап тыныш жатқан ел іші жаңа өкіметтің көмпеске науқаны басталысымен нілдей бұзылады. Кесапат, зорлықшыл заман құнделікті қүйбен тірлікте болып жататын кез келген оқиғаны, адамдар қарым-қатынасындағы қарапайым келіспеушіліктер мен келенсіздіктерді терен саяси мәнге ие құбылысқа оп-онай айналдыра салатын болды. Автор осындай бір қара халыққа түсініксіз өпербақан саясаттың жекелеген тұлғалардың мінездік құлқына қатты әсер етіп, оның соңы қазақтың басына сор бол тиғен күншілдік пен аярлық, кеудемсоқтық пен көрсөкүрлік сияқты жағымсыз мінездердің қалыптасуына әкелгенін өте шебер, дәл танып суреттеген. Кеше ғана ақ тақырда бірге асыр салған Шеге, Ждақай, Хансұлу сияқты қатар-құрбы, достардың аяқ астынан тез есейіп, ел ісіне араласып, жұлдызы карсы екі платформаның сойылын соғуы, адаптациямен мал тауып, дана мінезімен жұрт қосеміне айналған Паҳраддин сияқты ел ағасы мен істеген ісі, айтқан сөзінде береке жоқ, жартылай аш-жалаңаш, бірақ қолына жаңа заман билік берген Шәріп, Қозыбағар т.б. сияқты кейіпкерлер бейнесі арқылы сол заманың ақырат кейіп, қоғамның шын бейнесі жақсы ашылған. Өзінен билік иерархиясында бір саты болса да жоғары отырғаның өтінгенін – талап, айтқанын – бүйрек деп қабылдайтын, қолындағы билікті қайтсе де сақтап қалуға тырысатын екі жүзділік пен тайғанақтық, құлдық психология қазақ қоғамында тап сол кезендерде нық орныға бастағанын оқырман қауым Жорға Қүрен, Ждақай секілді кейіпкерлердің іс-әрекеті мен дүниеге көзкарасын саралай отырып көз жеткізері сөзсіз.

Табан жолын танымайтын, алдындағы асын адам сияқты алып іше алмайтын ұрдажық, көрләттардың шексіз билікке қол жеткізіп, сол шолақ белсенділердің асыра сілтеу саясаты «көмпеске», колектив құру науқанында бұқараның ашу-ызызын туғызып, ол қанды кекке ұласты. Бірлігі мен

бітімі жарасып ұйып отырған ауылдар тыныш өмір ізден туған жерден ұдере көшті, үкімет құрығы жетпейді деген соқыр сеніммен бөтен елге қоныс аударды.

Оз кезеңіндегі өмірдің ашы шындығын саяси деңгейде ушықтыра, таптық сипат беруде жазушы психологиялық тартысты шебер де, ұтымды пайдаланған. Шығармада жатық қолданылған тәсіл де оқиғаның аяқ астынан құрделеніп, адам бейнелерінің терендей түсінен әсер еткен. Шығарманың басында жастайынан бірге құлын-тайдай тебісіп өскен ауыл жастары жайбаракат торғын кешті ду құлқіге толтырып, ауыл арасында бір топ қыз, бозбала «соқыр теке» ойынын ойнап жатады. Жылдар бойы бидің малын баққан малшы, сінірі шыққан кедей ойнап жүріп, айдай сұлу, ісі жұпар аңқыған Хансұлудың ақ тамағынан сүйіп алады. Сол кезде қыз ағасы Әзбекерген «темірдей тегеуірінді қолдарымен Ждақай мен Қозбағарды бір-біріне қошқарша соғады. Төңірегіндегі жаңа ғана ойнап жүрген жастар безіп жоғалады» [3, 22]. Сөйткенше болмай ауыл арасынан шаң-шұң айқай шығады. «Сәбетски властың барлығына иманындағы сенетін» Торқа кемпір: «Адыра қалғыр, бетінен адам сүймейтін, ол не, ханның қызы ма еді?! О несі-ай кеп! Сүймек түгіл сүйеді. Өкіметтің бары рас болса, батыракты сабасын деген зәкүн жоқ, білдін бе, аузына пәлен қылайын!» [3, 24] деп ашуға мінеді. Аяқ астынан айрандай ұйып отырған тыныш ауылда жер астынан жік шығады. Ауыл жастарының ойын-құлқі, әдемі қалжыңмен басталған бейкүнә ойыны шиеленісен тап тартысына ұласады. Осындағы психологиялық-моральдық шиеленістер тап тартысын нанымды қөрсетуде шығарманың өн бойында көпtek кездеседі. Жазушы қаны тамған таптық оқиғалар кезеңін бейнелегенде, саяси куресті сипаттағанда, шығарма оқиғасын қоюланып, таптық куресті күшайтеп түсу мақсатында әртүрлі детальдарды молынан пайдаланады. Сол себепті де оқырман кейіпкерлер тағдырына әбден қаныққанша, олармен бірге өмір сүріп, бірге өмір толқынында күресіп, шығарманың аяғына дейін қызыға толық оқып шығуға тырысады.

Шығармадағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің мінездік құлқы, портреті, толып жатқан іс-әрекеті де жазушы тарапынан құрделі тап тартысына құралып, олардың қым-қиғаш тағдыры жан-жакты сараланып, өте сәтті шыққан. Олардың әрқайсысының да тағдыры – аянышты,

қым-қиғаш тартысқа толы курделі бейнелер. Мысалы, өлімнен қашқан Қорқыт сияқты кәм-пескеден, ұжымдастырудан қашқан сыйлы ел ағасы, би Паҳраддин тағдыр талқаны таусылып, айдалада бәйбішесімен бірге қанғып өледі. Шығарманың басындағы икемсіз, жасық Шеге елдің көрген қорлық, шеккен азаптарын үн-түнсіз көкейіне жинап, асыл азамат болады, хор қызындағы сұлу Хансұлуға қолы жетеді, алайда өзі құрған жүйенің құрбаны болады. Асыра сілтеу заманында ауылда «кішкене октябрь» үйымдастырған Жорға күрен, Ждакай, Бұқарбай сияқты атқамінерлер халық қарғысына ұшырайды. Жаңалықта ұмтылған, ескіліктің камытынан тезірек құтылғысы келген Қозыбағар, Қауқаштар өзінің адасқанын кеш сезеді. Мойыл көз, қайқы кірпік, түрік ерін [2, 10] Қаракүренін сылаң-сылаң желдіріп, бұла өскен хан қызындағы сұлу Хансұлу өмірінің сонына дейін өмір жүгін өзі арқалап, тағдыр тауқыметін кешеді. Қарап отырсақ, шығармадағы кейіпкерлердің тағдыры сан киле болғанымен, әркайсыы да заманының ашы дәмін, уытын татады. Белгілі ғалым Ә. Әзизев былай дейді: «Тартыс – шығарма үшін ең басты қажеттілік. Ол сюжет құрылышының өзегіне қуат құяды. Адам әрекетін қозғалысқа келтіреді. Ол жазушының суреттеу, бейнелеу, мінездеу, портреттеу, түрлі психологиялық сырларын ашу амалдарымен өрілсе, кейіпкерлер бейнесі есте қала-

тындағ болып, сонда ғана сомдалады» [4, 159]. Осы тұрғыдан қарастыратын болсак, біз жазушының өз шығармасында көркем бейнелерді сомдауда, олардың мінезін жан-жақты ашатын көркем әдістерді – ішкі монологты, әсерлі мінездемені, пейзажды, портретті, әрекет нақтылығын сәтті пайдаланғанына қуә боламыз. Жазушы өз туындысында заманын дүр сілкінтекен тап тартысын, жүзеге асқан науқандар мен сол кездегі халықтың басына түскен зобаланды, әлеуметтік жағдайды електен өткізіп, саралап, көркем бейнелеген.

Жалпы жазушының бақыты бауыр еті баласындағы енбегінің жарыққа шығуында ғана емес, оның көп оқылатын, қалың оқырманның рухани сұранысына жауап беретін шығармаға айналуында болса керек. Бұл тұрғыда «Ақбоз үй» романының авторы бақытты деуге болады.

### ӘДЕБИЕТ

1. Жұлдыз. 2007. № 3.
2. Нурғалиев Р. Арқау. Алматы, 1991.
3. Елубай С. Ақбоз үй. Алматы, 2008.
4. Әзизев Ә. Қазақ повесі. Алматы, 1989.

### Резюме

Статья посвящена творчеству С. Елубая.

### Summary

Prose artikcles andn wopks of critic S. Elubai deote to scientific analysis.